**2013 жылы Шортанды ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № А-12/391 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 желтоқсанда № 3567 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қазандағы № А-9/241 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 23.10.2014 № А-9/241 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 20 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесінің 7, 8 тармақтарына сәйкес, Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 17.10.2013 № А-9/229 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Шортанды ауданында 2013 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін Шортанды ауданы ұйымдарының тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, накты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері мен оларды қаржыландыру көздері бекітілсін, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныстар қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Шортанды ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – ММ):

1) жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмыстарға жіберуді олардың келісімімен тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырсын;

2) жеке шотқа аудару арқылы қызметкерге жасалған еңбек шарттың негізінде ай сайын ең төменгі жалақының төлемін аудан бюджетінің қаражат есебінен жүзеге асырсын.

4. Шортанды ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ қоғамдық жұмыстардың қаржыландырылуын аудан бюджетінде 2013 жылға көзделген

қаражаттар шегінде қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің орынбасары Е.Қ.Мұхамединге жүктелсін.

6. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шортанды ауданының әкімі С.Қамзебаев*

«КЕЛІСІЛДІ»

*«Ақмола облысы Шортанды ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім» ММ бастығы Е.Бегімқұлов*

Шортанды ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № А-12/391 қаулысына қосымша

## Шортанды ауданы ұйымдарының тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныстар

| № | Ұйымның атауы | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Орындалатын қоғамдық жұмыстардың көлемі | Сұраныс | Ұсыныс |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Шортанды ауданының «Шортанды кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Кент аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 202800 шаршы метр<br>686 іс, 162 кітап | 38<br>6 | 38<br>6 |
| 2 | Шортанды ауданының «Жолымбет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Кент аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 28800 шаршы метр<br>150 іс, 69 кітап | 4<br>1 | 4<br>1 |
| 3 | Шортанды ауданының «Научный кенті әкімінің | Кент аумағын жинау және абаттандыру | 14400 шаршы метр | | 2 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аппараты» мемлекеттік мекемесі | | | 2 | |
| 4 | Шортанды ауданының «Раевка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 14400 шаршы метр<br>121 кітап | 2<br>1 | 2<br>1 |
| 5 | Шортанды ауданының «Новокубанка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 21600 шаршы метр<br>180 іс, 132 кітап | 3<br>2 | 3<br>2 |
| 6 | Шортанды ауданының «Андреевка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 14400 шаршы метр<br>21 кітап | 2<br>1 | 2<br>1 |
| 7 | Шортанды ауданының «Петровка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 7200 шаршы метр<br>100 іс, 29 кітап | 1<br>1 | 1<br>1 |
| 8 | Шортанды ауданының «Пригородное селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 14400 шаршы метр<br>98 іс, 19 кітап | 2<br>1 | 2<br>1 |
| 9 | Шортанды ауданының «Новоселовка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 14400 шаршы метр<br>100 іс, 20 кітап | 2<br>1 | 2<br>1 |
| | Шортанды ауданының «Бектау ауылдық округі | Округтің аумағын жинау | 14400 шаршы метр | 2 | 2 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 135 іс, 80 кітап | 1 | 1 |
| 11 | Шортанды ауданының «Дамса селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 40000 шаршы метр<br>200 іс, 115 кітап | 5<br>2 | 5<br>2 |
| 12 | Шортанды ауданының «Бозайғыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Округтің аумағын жинау және абаттандыру<br>Іс жүргізуде көмек көрсету | 36000 шаршы метр<br>180 іс, 136 кітап | 5<br>2 | 5<br>2 |
| 13 | «Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім» мемлекеттік мекемесі | Іс жүргізуде көмек көрсету | 770 іс | 2 | 2 |

кестенің жалғасы:

| Қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары | Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері (бір айдағы бір адамның) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |
| Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған шартқа сәйкес | Жалақының ең төменгі мөлшерінде | Аудандық бюджет |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК